

Геодезиялық және картографиялық қызметке тексеру парағын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 473/НҚ және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2022 жылғы 30 қарашадағы № 111 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 1 желтоқсанда № 30885 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бірлескен бұйрық 01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 143-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қоса беріліп отырған геодезиялық және картографиялық қызметке тексеру парағы бекітілсін.

2. "Жер құқығы қатынастары, жерді пайдалану мен қорғау, геодезия және картография, мемлекеттік жер кадастры мен жерлердің мониторингі саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 502 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 101 бірлескен бұйрығының 1-тармағының 3 және 7-тармақшаларының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Геодезия және картография комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бірлескен бұйрық 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің м.а.

Т. Жаксылыков

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрі

Б. Мусин

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Бас прокуратурасының

Құқықтық статистика

және арнайы

есепке алу жөніндегі комитеті

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі
министрінің
2022 жылғы 30 қарашадағы
№ 473/НҚ және
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушының
2022 жылғы 30 қарашадағы
№ 111 бірлескен бұйрығымен
бекітілген

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Тексеру парағы жаңа редакцияда көзделген - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 27.04.2026 № 219/НҚ және ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 27.04.2026 № 36 (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Тексеру парағы

Ескерту. Тексеру парағы жаңа редакцияда - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 13.03.2023 № 87/НҚ және ҚР Ұлттық экономика министрінің 13.03.2023 № 32 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

геодезиялық және картографиялық қызметке

геодезиялық және картографиялық қызмет субъектілеріне қатысты

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеруді тағайындау туралы акт _____

№, күні

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

Бақылау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі), бизнес-сәйкестендіру нөмірі _____

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

| № | Талаптардың тізбесі | Талапқа сәйкес келеді | Талапқа сәйкес келмейді |
|---|--|-----------------------|-------------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Геодезиялық және (немесе) картографиялық жұмыстарды жүргізу жөніндегі қызметтің басталғаны туралы хабарламаның болуы | | |
| 2 | Геодезиялық және (немесе) картографиялық жұмыстарды орындауға мүмкіндік беретін меншікті немесе жалға алынған тексерілген аспаптар, жабдықтар мен құралдар жиынтығының не зауыттық нөмірлері көрсетілген, тексерілген аспаптар, жабдықтар мен құралдар жиынтығы бар тұлғалармен жасалған геодезия, картография және кеңістіктік деректер саласында қызметтер көрсетуге арналған шарттың борлуы | | |
| 3 | Штатта геодезия, картография және кеңістіктік деректер саласындағы жоғары немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы дипломы бар маманның болуы | | |
| 4 | Аэротүсірілім жұмыстарын жүзеге асыру туралы хабарламаның болуы, олар орындалған жағдайда | | |
| | Геодезиялық пункттерді бұзуға немесе қайта | | |

| | | | |
|----|---|--|--|
| 5 | салуға (орнын ауыстыруға) арналған рұқсаттың болуы | | |
| 6 | Бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын геодезиялық және картографиялық жұмыстарды орындау кезінде бұрын құрылған кеңістіктік деректерді пайдалану | | |
| 7 | Бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік ақпараттық жүйелерді, деректер базаларын, кадастрларды, географиялық ақпараттық жүйелер мен ресурстарды, геопорталдарды, геосервистерді жүргізген жағдайда бірыңғай цифрлық картографиялық негізді пайдалану | | |
| 8 | Кеңістіктік деректер мен картографиялық материалдарды аударуды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік және жергілікті координаттық анықтамалық жүйелер арасында бекітілген түрлендіру параметрлерін қолдану | | |
| 9 | Ұлттық кеңістіктік деректер қорына бюджет қаражаты есебінен құрылған материалдар мен деректер көшірмелерінің бір данасын ұсыну | | |
| 10 | Картографиялық материалдарда Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының дұрыс бейнеленуі | | |

Лауазымды тұлға (лар): _____

(лауазымы

(қолы)

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Бақылау субъектісі _____

(лауазымы)

(қолы)

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ